



sarhaan.com

الصدقة

فضائلها، أحكامها وأدابها



САДАҚА

қадір-қасиеті,
үкімдері және әдебі



Дайындаған шейх
Хайсам Сархан
басшылығындағы
"Сунна" колледжі

Садақа

Көпшілігіміз жалғыз Жаратушыға, Құдіретті Раббымызға иман келтіргенімізді жариялаймыз. Оның ең ұлы әрі көркем есімдерінің бірі – Аллаһ, оның мағынасы – Оған шексіз махаббатпен және ұлықтаумен құлшылық етіп, қызмет етуге лайық Жалғыз, Хақ-Шынайы Құдай.

Алайда адамның осыны мәлімдеп-жариялауы дәлелдеуді қажет етеді. Ал бұл дәлел адамның істерінен көрінеді. Міне сондай ең маңызды дәлелдердің бірі садақа болып табылады, бұл мал-мүлікті Аллаһ Тағаланың разылығы үшін кедей-кепшіктерге, жоқ-жітіктерге, мұқтаждарға жұмсау, сондай-ақ түрлі игі әрі Аллаһқа ұнамды мақсаттарда сарп ету. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَالصَّدَقَةُ بُرْهَانٌ

«Садақа – бұлтартпас дәлел»

(хадисті Муслим жеткізген, 223).

Яғни садақа адамның шынайы иманын көрсететін маңызды дәлел. Неліктен? Өйткені адамның нәпсісі дүние-мүлік пен ақшаны жақсы көретіндей етіп жаратылған. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде адам табиғатын сипаттап, былай деген:

وَإِنَّهُ لِحُبِّ الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ

«Сондай-ақ ол байлықты жақсы көреді»

(«әл-Ғадият» сүресі, 8-аят).

Адам жақсы көретін нәрсесінен тек одан да қатты жақсы көретіні үшін ғана айырылуға дайын болады. Егер адам жан-нәпсісі сүйген мал-мүлкін Аллаһтың разылығы үшін бере алса, бұл, демек, оның Аллаһты қаттырақ жақсы көретіндігін, Аллаһ пен Мәңгілік өмірге шынайы иман келтіргендігін білдіреді. Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) садақаны бұлтартпас дәлел деп атаған. Оның үстіне бұл үлкен қайырымдылық ісінің – садақа деп аталуының өзі де Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы айтқанына нұсқайды. «Садақа» сөзі араб тілінде «шындық» деген мағынаны білдіретін «сыдқ» сөзінен шыққан, өйткені садақа оны берген адамның иманының растығын дәлелдейді. Бірде, мұсылмандар мал-мүлік пен материалдық көмекке өте мұқтаж болған кезде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жақсы сахабасы Абу Бакр Аллаһтың разылығы үшін бүкіл мал-

мүлкін құрбан етті. Ол мұны ең шынайы сенімге ие болғандықтан жасады. Сондықтан да оның ғасырлар мен халықтарға әс-Сыддық, яғни Шыншыл (назар аударыңыз, сыддық пен садақа бір түбірден шыққан) деген атаққа ие болуы кездейсоқ емес.

Садақа Исламда үлкен орынға ие. Құран Кәрімде, сондай-ақ Сүннетте де біз Аллаһ Тағаланың бізге берген мал-мүлкінің бір бөлігін Аллаһ разылығы үшін жұмсауға үндейтін және бұйыратын көптеген аяттар мен хадистерді кездестіреміз. Аллаһ Тағаланың не деп айтқанына құлақ салыңыз:

وَأَنْفِقُوا مِنْ مَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِي أَحَدَكُمُ الْمَوْتُ فَيَقُولَ رَبِّ لَوْلَا أَخَّرْتَنِي إِلَىٰ أَجَلٍ قَرِيبٍ
فَأَصَّدَّقَ وَأَكُن مِنَ الصَّالِحِينَ

وَلَنْ يُؤَخِّرَ اللَّهُ نَفْسًا إِذَا جَاءَ أَجَلُهَا وَاللَّهُ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ

«Сендерден біреулеріңе өлім келіп, ол: "Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең ғой, садақа беріп, ізгілерден болсам", - деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны әсте кешіктірмейді және Аллаһ істегендеріңді толық біледі»

(«әл-Мунафиқун» сүресі, 10-11 – аяттар).

Уа Аллаһтың құлдары! Аллаһтың сендерге сый еткен нәрселерінен садақа беріңдер, өйткені бәріміз өзімізді Жаратқан Раббымызға қайта оралуымыз керек, жер бетінде істегендерімізді өтеуіміз қажет. Сол кезде әділ үкім орнап, бізді алғаш жаратқан Аллаһ бәрімізді қабірлерімізден жалаңаш, жалаңаяқ, сүндеттелмеген кейпімізде тірілтетін күн келеді. Адам ата мен Хауа ананың барлық балалары – миллиондаған, миллиардтаған, сансыз тобыр – Жаратушының алдына тұрғызылып, істегендерінің бәріне жауап беру үшін қабірлерден көтеріледі. Бұл өте қиын күн болады. Ол ұзақ әрі шыдатпайтындай ыстық болады, өйткені күн жақындап, адамдардың бастарына жақын тұрады. Тарылу, жаншылған, терлеген адамдар теңізі, шөлдеу, қорқыныш пен ессіздікте өз тағдырын күтіп тұрған адамдар, жердегі өмірде жасаған істерінің кепілі болады! Сол күні әділет таразылары қойылып, Раббымыз, адамдардың Патшасы - Аллаһ Тағала есеп пен жаза, зұлымдық жасағандарды зұлымдықтары үшін жазалап, жақсылық жасағандарды жақсылықтары үшін сауапқа бөлеу үшін келеді. Бұл елестетуге келмейтін өте ауыр сағатта, сізге сүйікті Жаратушыңыз үшін берген садақаңыз көмектеседі. Осы сағатта сіз садақаның мәнін түсінесіз, өйткені садақа адам төзгісіз

ыстықтан пана болатын көлеңкеге айналады. Бірде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Уқба ибн Амир есімді сахабасы Абул-Хайр есімді адамға Аллаһ Елшісінің өзінен мына сөздерді естігенін айтқан:

كُلُّ امْرِئٍ فِي ظِلِّ صَدَقَتِهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، حَتَّى يُفْصَلَ بَيْنَ النَّاسِ

«Қиямет күні әрбір пенде адамдардың үстінен үкім шығару біткенге дейін өзінің садақасының көлеңкесінде болады»

(хадисті Ахмад, 17333; Ибн Хузайма, 2431 және Ибн Хиббан, 3310 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде сенімді деп атаған, 872).

Бұл хадисті естіп, бізге жеткізген Абул-Хайр садақа ретінде бірдеңе, тіпті бәліштің бөлігі немесе пияз болса да бермей бір күн де өткізбеген екен.

Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың өзіне берген дүние-мүлкінен кедей-кепшіктер мен мұқтаждарға садақа ретінде, оң қолымен бергенін сол қолы білмейтіндей жасырын түрде берген адам қаһарлы күні Аллаһ Тағаланың Аршысының көлеңкесінде болады.

Уа Аллаһтың құлдары! Аллаһтың берген нығметінен садақа беріңдер, өйткені садақа – Аллаһтың сендер үшін Өзінде сақтап, арттырып, еселеп қайтаратын ең жақсы салым.

Сендер иелік еткен барлық нәрсе із-түзсіз жоқ болып кетеді, Аллаһтың разылығы үшін істелген істеріңнен басқаның барлығы ұмытылады. Сендерде бар барлық нәрсе таусылады, ал Аллаһ Тағалада болған нәрсе мәңгілік және сарқылмас. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ تَصَدَّقَ بِعَدْلِ تَمْرَةٍ مِنْ كَسْبٍ طَيِّبٍ، وَلَا يَقْبَلُ اللَّهُ إِلَّا الطَّيِّبَ، فَإِنَّ اللَّهَ يَقْبَلُهَا بِمِثْلِهِ، ثُمَّ يُرِيهَا

لصَّاحِبِهَا، كَمَا يُرِيّ أَحَدُكُمْ فَلُوَّهُ حَتَّى تَكُونَ مِثْلَ الْجَبَلِ

«Кімде-кім адал-игі жолмен тапқан малынан бір құрма мөлшерінде садақа берсе – ал Аллаһ тек игі болғанды ғана қабыл етеді! - Аллаһ оны оң Қолымен қабыл етеді, кейін ол сол садақаны оны берген адам үшін ол таудай болғанша, сендердің бірің өз құлынын өсіргендей етіп өсіреді»

(хадисті әл-Бухари, 1410 және Муслим, 1014 жеткізген).

Аллаһ біздің Ол үшін берген садақаларымызға мұқтаж емес, алайда Ол бізден оны өз мейірімімен қабыл етіп, оны көбейтіп, еселетіп қайтаруға уәде еткен борыш ретінде санайды. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الْمُسَدِّقِينَ وَالْمُصَدِّقَاتِ وَأَقْرَضُوا اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا يُضَاعَفُ لَهُمْ وَلَهُمْ أَجْرٌ كَرِيمٌ

«Шүбәсіз, садақа беруші ерлер мен садақа беруші әйелдерге, сондай-ақ Аллаһқа көркем қарыз бергендерге (тиісті орынға мал сарп қылғандарға) еселеп арттырылады әрі олар үшін көркем сый-сауап бар»

(«әл-Хадид» сүресі, 18-аят).

Аллаһ Тағала бізден Өз разылығы үшін және таза жүрекпен бергенімізді қабыл етеді де, еселеп қайтарады. Ал Ол біздің берген садақамызды қанша есе көбейтетіні біздің ықыласымыздың, иманымыздың дәрежесіне, Аллаһ разылығы үшін нәпсіміз сүйген малдан айырылуға дайындығымызға байланысты, сонымен қатар бұл садақа қандай пайда әкелгеніне және көзделген мақсатқа қаншалықты дәл жеткеніне байланысты болады.

Садақа – Аллаһ біздің күнәларымызды кешіріп, бізге ұлы сауап беруінің де себебі. Құран Кәрімде садақа тарататын мұминдер туралы былай деп айтылған:

أَعَدَّ اللَّهُ لَهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا

«Аллаһ олар үшін жарылқау және ұлы сый әзірледі»

(«әл-Әхзаб» сүресі, 35-аят).

Тіпті еске алудан ұялатын, Аллаһтың алдына шығуы қорқынышты күнәларымыз аз ба?

Әй Аллаһтың құлдары, садақа туралы ұмытпаңдар, өйткені адам садақа берген кезде оның жаны, мал-мүлкі тазарады. Садақа адамның ішкі бейнесін, имандылығын нұrlандырып, жан дүниесін сараңдық, ашкөздік пен қатыгездік сияқты түрлі жаман сипаттардан тазартып, керісінше, жүректерде жомарттық, кең пейілділік, мейірімділік, рахымдылық мен шүкірлік секілді асыл қасиеттерді өсіреді. Иә, садақа таратуды және мұқтаждарға көмектесуді ұнататын адам Аллаһқа шүкіршілік етудің ең жақсы түрлерінің бірін танытады. Ал кім Аллаһтың мейіріміне шүкіршілік етсе, өздеріңіз білетіндей, ол үшін Аллаһ Тағала Өзінің нығметтері мен мейірімін еселеп арттырады.

Садақа мал-мүлкті де тазартады, яғни оны берекелі, жемісті етеді. Адамның мал-мүлкіне Аллаһтың берекесі түседі. Ол берекелі болып, көп пайда әкеліп, пайдалы істерге жұмсалады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) садақа адамның мал-мүлкін кемітпейді деп ант еткен.

Садақаның арқасында Аллаһ пенденің мал-мүлкін апаттан сақтайды және оның байлығын арттырады.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا أَنْفَقْتُمْ مِّنْ شَيْءٍ فَهُوَ يُخْلِفُهُ وَهُوَ خَيْرُ الرَّازِقِينَ

**«Тиісті орынға бір нәрсе жұмсаңдар, сонда Аллаһ тағы есесін береді. Ол -
ризық берушілердің ең жақсысы»**

(«әс-Саба» сүресі, 39-аят).

Хадисте Аллаһ Тағаланың құлдары күн сайын таң сәріден оянғанда міндетті түрде екі періште түсіп, олардың бірі: «Уа Аллаһ! Малың (жақсы істерге) жұмсағанның сауабын арттырып бер», - деп айтқаны хабарланады. Сонда екіншісі: «Уа Аллаһ! Сараңға (яғни оның өзіне немесе оның мүлкіне) жойылу жібер!», - деп айтады.

Бұл хадисте айтылған сөздерді өмірімізде байқаған нәрселер де растайды; иман келтірген адам зекет төлеп, садақа беріп, мал-мүлкін Аллаһқа ұнамды мақсаттарда жұмсағанда, Аллаһ Тағаланың оның мал-мүлкіне береке түсіріп, оған күн көру үшін қаражат табуын жеңілдетеді.

Имам Муслимнің «әс-Сахих» жинағында келтірілген бір оқиғаны айтып беруге рұқсат етіңіздер. Күндердің бірінде бір адам жазықтан өтіп бара жатып, кенет бұлт арасынан: «Пәлен адамның бақшасын суар!», - деген дауысты естиді. Кейін бұлт басқа жаққа жылжып, тасты жерге жаңбыр жаудырады. Бұл жолаушы осы бұлттың жылжыған бағытында жүріп, көп ұзамай өз бақшасында күрекпен судың ағысын бағыттап жатқан бір адамды көреді. Жолаушы одан: «Уа Аллаһтың құлы! Сенің атың кім?», - деп сұрайды. Әлгі адам өзінің атын атағанда, бұлттан шыққан дауыс та дәл осы атты айтқаны белгілі болды. Әлгі адам жолаушыдан: «Уа Аллаһтың құлы! Сен неліктен менің атымды сұрап жатырсың?», - деп сұрады. Жолаушы: «Мен жаңбыр жауған бұлттан бір дауыс естідім және бұл дауыс бұлтқа: «Пәлен адамның бақшасын суар», - деп бұйырып, сенің атыңды атады. Сен осыған лайық болуың үшін не істеп жатқаныңды түсіндірші», - деп жауап берді. Әлгі адам: «Мен осы бақтан алған өнімімді бағалап, оның үштен бірін зекет-садақа етіп, кедейлерге, қайыршыларға, жолаушыларға жұмсаймын, қалған үштен бір бөлігін өзіме және отбасыма қалдырамын, тағы үштен бір бөлігін жерге қайтарамын, яғни мен оны бақшаға күтім жасау үшін пайдаланамын», - деді.

Мал-мүлкінің бір бөлігін садақаға жұмсаған адамға Аллаһ Тағала осылай қамқорлық жасайды! Аллаһ Тағала бұлттарға оның жерін суаруды бұйырды. Қазіргі уақытта зауыт, дүкен, ферма иелері болып, олар осы адам сияқты әрекет етіп: яғни, мысалы, үш жүз мың табыс алып, жүз мыңын мұқтаждарға беріп, жүз мыңын өзі және отбасына қалдырып, ал үшінші жүз мыңды – өндіріс пен сауданы дамытуға қолданатындар бар ма? Қазіргі кезіміздегі көптеген ауқатты

адамдардың жағдайын қарасаңыз, олар бұлай әрекет ету түгілі, мал-мүлкінен парыз садақа–зекетті де бермейді!

Садақа оны берген адамның көңілінен мұңды кетіреді, оның жанын қуантады, Аллаһтың рахымымен көптеген бақытсыздықтарды, қиыншылықтарды, ауруларды кетіреді. Ол қоғамда сүйіспеншілік пен достықтың орнығуына ықпал етіп, араздық пен өшпенділіктен арылтады. Мұқтаждарға көмек берген адам шыншыл әрі салиқалы жүректерден шыққан қаншама дұғаларға ие болады?

Әй Аллаһтың құлдары, мал-мүліктеріңізді мұқтаж жандарға көмектесу үшін жұмсаңыздар, өйткені садақа Аллаһ Тағаланың ашуын сөндіреді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

صَدَقَةُ السَّرِّ تُطْفِئُ غَضَبَ الرَّبِّ، وَصِلَةُ الرَّحِمِ تَزِيدُ فِي الْعُمْرِ، وَفِعْلُ الْمَعْرُوفِ يَقِي مَصَارِعَ السُّوءِ

«Жасырын берілген садақа Раббының қараһын сөндіреді, туыстық байланысты сақтау өмірді ұзартады, ал жақсылық жасау апаттардан сақтайды»

(хадисті әт-Табарани, 8014 және әл-Байхақи «Шұғаб әл-иманда», 3168 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 3760).

Садақа беріңдер, өйткені садақа адамның күнәларын өшіреді. Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Муғаз атты сахабасына былай деген:

وَالصَّدَقَةُ تُطْفِئُ الْخَطِيئَةَ، كَمَا يُطْفِئُ الْمَاءُ النَّارَ

«Садақа күнәларды, су отты өшірген секілді, өшіреді»

(хадисті әт-Тирмизи, 614, 2616 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Садақа беріңдер, өйткені садақа адам қабірде сонымен азапталуы мүмкін отты да өшіреді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنَّ الصَّدَقَةَ لَتُطْفِئُ عَنْ أَهْلِهَا حَرَّ الْقُبُورِ

«Расында, садақа оны бергендер үшін қабірлерінің ыстығын сөндіреді»

(хадисті әт-Табарани, 787 жеткізген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 3484).

Садақа адамды Тозақтан сақтайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлем болсын) былай деген:

مَا مِنْكُمْ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا سَيُكَلَّمُهُ رَبُّهُ، لَيْسَ بَيْنَهُ وَبَيْنَهُ تُرْجُمَانٌ، فَيَنْظُرُ أَيَّمَنَ مِنْهُ، فَلَا يَرَى إِلَّا مَا قَدَّمَ، وَيَنْظُرُ أَشَآمَ مِنْهُ، فَلَا يَرَى إِلَّا مَا قَدَّمَ، وَيَنْظُرُ بَيْنَ يَدَيْهِ فَلَا يَرَى إِلَّا النَّارَ تِلْقَاءَ وَجْهِهِ. فَاتَّقُوا

النَّارَ وَلَوْ بِشِقِّ تَمْرَةٍ

«Араларыңда (Қиямет күні) Аллаһ онымен арасында аудармашы болмайтындай сөйлеспейтін ешкім жоқ. Адам оң жағына қарап, бұрынғы жасаған амалынан басқа ешнәрсе көрмейді, сол жағына да қарап, бұрынғы істеген істерінен басқа ештеңе көрмейді. Ол өзінің алдында қарап, Тозақ отынан басқа ештеңе көрмейді. Ендеше, өздеріңді тым болмағанда жарты құрмамен болса да Тозақ отынан сақтаңдар!»

(хадисті әл-Бухари, 6539, 7512 және Муслим, 1016 жеткізген).

Бай болмасаңыз да, аз болса да, мейлі бұл тіпті бір немесе жарты құрма болса да садақа беріңіздер. Шын жүректен берілген аз садақа адамға көптеген игілік әкеліп, оны үлкен жамандықтан сақтай алады.

Садақаны қалай беру қажет?

Садақа екі түрге бөлінеді. Міндетті садақа «зекет» деп аталады және ол Ислам діні соларға негізделген бес тіректің бірі болып табылады. Ерікті садақа міндетті болмаса да, өте құптаулы, сауапты амал болып табылады және ол оны берген адамға үлкен пайда әкеліп, одан осы өмірде де, өлімнен кейін де көптен жамандықтарды алыстатады.

Садақаны қалай беру қажет? Бұл өте маңызды сұрақ, өйткені оның қабыл болуы немесе болмауы және Аллаһтың ол үшін қандай сауап беретендігі дәл осыған байланысты.

Біріншіден, адам садақаны тек Аллаһтың разылығы үшін, адамдардың мақтауын қаламай, шын ықыласпен беруі керек. Кімде-кім адамдардың разылығы үшін мал-мүлкін сарп етсе, жұмсағанының сауабын алмайды, бұған қоса ол Қиямет күні масқара болып, жазаланады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет күні Аллаһ Тағала жаратылыстарына үкім шығару үшін түскенде, барлық үмметтер тізе бүгіп тұрғанда, Ол үкімін беру үшін шақыратын ең алғашқылардың бірі мал-мүлкі көп болған бай-ауқатты адам болады. Ол шығарылады және Аллаһ Тағала одан: **«Мен сені адамдардың ешқайсысына мұқтаж қылмай, саған жомарттықпен мал-мүлік берген жоқпын ба?»**, - деп сұрайды. Ол: «Иә, уа Раббым! Сен маған бердің!», - деп жауап береді. Аллаһ Тағала: **«Ендеше, Мен саған нәсіп еткенмен не істедің?»**, - деп сұрайды. Ол: «Мен Сен үшін туыстық қатынастарды жалғадым, садақа бердім», - деп жауап береді. Сонда Аллаһ Тағала оған: **«Сен өтірік айтып тұрсың!»**, - деп айтады және періштелер де: **«Сен өтірік айтып тұрсың!»**, - деп айтады. Аллаһ

оған: «Сен адамдардың сен туралы «неткен жомарт адам» деп айтуын қаладың, ал олар сен туралы қалайтыныңды айтты», - деп хабарлайды (Яғни сен адамдардың мақтауы деген елеусіз сыйынды алдың әрі саған бұл жеткілікті). Кейін Аллаһ періштелерге бұл адамды Тозақ отына алғашқылардың бірі болып тастауды бұйырады және ол Тозақ оты сол арқылы тұтандырылатын алғашқылардың қатарында болады. Демек, біріншісі – садақаның тек Аллаһ үшін ықыласты түрде берілу қажеттілігі екен.

Екіншісі, адам өзі үшін ең жақсы, ең сүйікті және ең жақсы жолмен алынған мал-мүліктен садақа беруге тырысуы керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ

«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұмсамайынша, әсте ізгілікке жете алмайсыңдар»

(«Әли Имран» сүресі, 92-аят).

Көптеген адамдар кедейлерге өз дүние-мүлкінің ең түкке тұрғысызын, өзі содан құтылғысы келгенін, өзіне қажет емесін, ескіріп кеткенін немесе тоңазытқышта ұзақ уақыт бойы жатып қалған азық-түліктерін береді. Аллаһ Тағалы оларды бұл істері үшін сөгіп, былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَنْفِقُوا مِنْ طَيِّبَاتِ مَا كَسَبْتُمْ وَمِمَّا أَخْرَجْنَا لَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ وَلَا تَيَمَّمُوا الْخَبِيثَ مِنْهُ تُنْفِقُونَ وَلَسْتُمْ بِآخِذِيهِ إِلَّا أَنْ تُغْمِضُوا فِيهِ وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ حَمِيدٌ

«Әй иман келтіргендер! Табыстарыңның және Біз сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орынға жұмсаңдар. Ал өздерің тек көздеріңді жұмып әрең ғана алатын сапасыз нәрсені Аллаһ жолында беруге ұмтылмаңдар. Әрі Аллаһ - Бай, Мақтаулы екенін біліңдер»

(«әл-Бақара сүресі», 267-аят).

Үшіншісі, хадисте: «...оң қолдың бергенін сол қол білмеуі үшін», - деп айтылғандай, садақа жасырын түрде берілгені абзал. Адам берген садақасын басқалардан қаншалықты мұқият жасырса, соғұрлым ол Аллаһ Тағаладан көбірек сауап алады. Жасырын садақа жария жасаған садақадан үш себеп бойынша жақсырақ.

Біріншісі, жасырын түрде садақа беру арқылы сіз өзіңізді ықыластылық пен көрер көзге амал жасаушылықтан сақтайсыз. Екінші себеп, жасырын берілген садақа сіздің әлгі садақа берген адамға ел көзінше міндетсініп жақсылық жасап жатқаныңызға ұқсамаудан алыс болады. Үшінші себеп, жасырын садақаңыз

арқылы сіз өзіңіз көмектесіп жатқан адамыңызды ыңғайсыз және ұнамсыз жағдайға қоймайсыз, өйткені көптеген адамдар үшін көпшілік алдында садақа алу абырой-мәртебесін төмен ететін және ұялатындай амал болып саналады.

Бірақ кейде садақаны ашық және жария түрде берген дұрыс. Қай уақытта? Бұдан анық діни пайда болған кезде, атап айтқанда, сіз өз іс-әрекетіңізбен басқаларды соған итермелеуге және оларға үлгі болуға үміттенетін кезіңізде. Мысалы, егер сіз адамдардың әлдебір мұқтаж адамға көмектесуге асықпай жатқанын байқасаңыз және сіз оларды өнегеңізге еліктетіп, өз қаражаттарын бере бастауы үшін ынталандырғыңыз келсе, онда мұны ашық жасау керек болады. Екінші мысал: бір өте мұқтаж адам бар делік, бірақ оның қарапайымдылығы себепті оның мүшкіл халін сізден басқа ешкім білмесе және оның мәселесін шешу үшін қажет болатындай көмек беруге мүмкіндігіңіз жоқ болса, бұл жағдайда көпшілік алдында садақа беру арқылы сіз басқаларға бұл ер немесе әйелдің көмекке мұқтаж екенін хабарлайсыз.

Бір күні Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) киімдері жоқ болғандықтан ала жүн маталардың жыртыстарын бастарын өткізетіндей етіп тесіп, солармен денелерін орап алған өте кедей адамдар келді. Олардың барлығы мудар (مُدر) тайпасынан болған. Олардың осыншама мұқтаждығын көрген Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзі өзгерді. Кейін ол адамдарға құтпамен жүгініп, былай деді: **«Уа адамдар! Сендерді бір кісіден жаратып, одан жұп жаратып, екеуінен (жер бетіне) көптеген ерлер мен әйелдерді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Бір-бірлеріңнен Оның аты арқылы сұрайтын Аллаһтан және туыстық қатынастарыңды үзуден қорқыңдар. Расында, Аллаһ – Сендерді бақылаушы»**». Кейін ол: **«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, әркім ертеңі үшін не дайындағанына қарасын»**, - деген екінші аятты оқыды да, ізінен: **«Ендеше адам өзінің динарынан, дирхамынан, киім-кешегінен, өлшем бидайынан немесе құрмасынан садақа берсін»**, - деп: **«... тіпті құрманың жартысын болса да садақа етіп берсін»**, - дегенге дейін тоқтамай тізіп айта берді. Осыдан кейін ансарлардан болған бір адам әрең көтеретіндей ауыр, күміс толтырылған әмиян әкелді. Оның артынан адамдар да бірінен соң бірі садақаларын әкеле бастады, әрі ең соңында сол жерде екі үлкен үйінді пайда болды: олардың бірі үйілген тамақ, ал екіншісі киім-кешек болатын. Сонда Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын) жүзі алтынмен көмкерілгендей жарқырай түсті де, ол былай деді:

مَنْ سَنَّ فِي الْإِسْلَامِ سُنَّةً حَسَنَةً، فَلَهُ أَجْرُهَا وَأَجْرُ مَنْ عَمِلَ بِهَا بَعْدَهُ، مِنْ غَيْرِ أَنْ يَنْقُصَ مِنْ أَجُورِهِمْ شَيْءٌ

«Кімде-кім Исламда жақсы үлгі көрсеткен болса, сол істеген ісінің сауабын және соның осы үлгісін істейтін адамдардың да сауабына ие болады, әрі бұл олардың сауабын еш кемітпейді!»

(хадисті Муслим, 1017 жеткізген).

Демек, садақаны жасырын беру әдетте жақсырақ әрі Аллаһқа ұнамдырақ амал, алайда кейбір жағдайларда бұдан басқалар үшін пайда бар болса, оны ашық беру абзалырақ. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген:

إِنْ تَبَدُّوا الصَّدَقَاتِ فَنِعِمَّا هِيَ وَإِنْ تُخْفُوهَا وَتُؤْتُوهَا الْفُقَرَاءَ فَهُوَ خَيْرٌ لَكُمْ

«Егер садақаларды көрнеу берсеңдер, сонда нендей жақсы, ал егер оны мұқтаждарға жасырын берсеңдер, бұл сендер үшін жақсырақ»

(«әл-Бақара» сүресі, 271-аят).

Төртіншіден, мұқтазға көмектескен адам ешқашан осынысын оның есіне түсіріп, бергенін айтып сөкпеуі керек. Аллаһ Тағала жақсылық жасап, қаражатынан садақа беріп, кейін адамдарды берген садақасымен жазғырмайтын адамдарды мақтайды. Аллаһ Тағала былай деген:

الَّذِينَ يُنْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ثُمَّ لَا يُتْبِعُونَ مَا أَنْفَقُوا مَنًّا وَلَا أَذًى لَهُمْ أَجْرُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ وَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

«Өз мал-мүліктерінен Аллаһ жолында сарп етіп, ізінен бергендеріне міндетсіну, ренжіту жалғастырмайтындар, соларға Раббыларының құзырында сый бар. Әрі оларға қорқыныш та, қайғыру да болмайды»

(«әл-Бақара» сүресі, 262-аят).

Берген адамыңызға міндетсініп, сөгіс айтуыңыз немесе бергеніңізді оның есіне салып қоюыңыз садақаңызды жарамсыз етеді және сізді оның сауабынан айырады. Аллаһ Тағала былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُبْطِلُوا صَدَقَاتِكُمْ بِالْمَنِّ وَالْأَذَى

«Әй иман келтіргендер! Садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар»

(«әл-Бақара» сүресі, 264-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يَدْخُلُ الْجَنَّةَ عَاقٌّ, وَلَا مَنَّانٌ, وَلَا مُدْمِنٌ خَمْرٍ, (وَلَا مُكَذِّبٌ بِالْقَدَرِ)

«Ата-анасын құрметтемеген, бергенін міндет қылатын, маскүнем (және тағдырға сенбейтін) адам Жәннатқа кірмейді»

(хадисті Ахмад, 27484; ән-Насаи, 5672 және әд-Дарими, 2139 жеткізген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилаят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 673, 675).

Кейбіреулер садақа беріп, сосын адамдарды өздеріне қарыздар санап, олардан алғыс пен ризашылықты талап етеді, олардың өздеріне деген ерекше құрметіне үміт артады, ал егер олар осы күткенін алмаса, оларға жасаған жақсылықтарын естеріне салады және сонымен жазғырып жатады. Жоқ! Садақасын Аллаһ разылығы үшін шын ықыласпен берген адам тек Аллаһтан сауап күтіп, (және бұл сауаптардың ең жақсысы!) адамдардың алғысы жайлы ұмытуы керек.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде өзінің салиқалы құлдарын сипаттап, былай деген:

وَيُطْعَمُونَ الطَّعَامَ عَلَىٰ حُبِّهِ مِسْكِينًا وَيَتِيمًا وَأَسِيرًا
إِنَّمَا نُطْعِمُكُمْ لِوَجْهِ اللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنْكُمْ جَزَاءً وَلَا شُكْرًا
إِنَّا نَخَافُ مِنْ رَبِّنَا يَوْمًا عَبُوسًا قَمْطَرِيرًا
فَوَقَاهُمُ اللَّهُ شَرَّ ذَٰلِكَ الْيَوْمِ وَلَقَّاهُمْ نَضْرَةً وَسُرُورًا

«Олар жақсы көрген тамақтарын міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді. Әрі: «Расында, біз сендерді тек Аллаһтың Дидары үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір сый, алғыс тілемейміз. Расында, біз түксиіп қатты томсарған күннен Раббымыздан қорқамыз», - деп айтады. Сондықтан Аллаһ оларды сол күннің апатынан сақтап, жарық жүзділікке әрі қуанышқа бөлейді»

(«әл-Инсан» сүресі, 8-11 – аяттар).

«Сендерден бір сый, алғыс тілемейміз», - деген сөздерге назар аударыңыз.

Пайғамбарымыздың әйелі, салиқалы Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын), өз қызметшісін мұқтаж біреуге садақаны жеткізуді жібергенде, оған нұсқау беріп: «Олардың біз үшін қалай дұға ететінін мұқият тыңда және олардың сөздерін есте сақта! Өйткені кейін біз де олар үшін солай дұға етеміз және осылайша есеп беруде олармен бірге боламыз, сауабымыз тек Аллаһқа тиесілі, сондықтан сауабын сауабын тек Аллаһтан аламыз», - дейді екен.

Бесіншіден, зекет-садақаны соған ең лайықты және мұқтаж болған жандарға беруге тырысу керек. Әсіресе, сіз оларды асырауға міндетті болмаған мұқтаж туыстарыңызға садақа берген абзал. Егер туысыңыздың сіздің қамқорлығыңызға құқығы болса, онда ол мұқтаж болған жағдайда оны өз қаражатыңыздан асырауға міндеттісіз және бұл садақа немесе зекет емес, тұрақты асырау – нәпақа болады. Мысалы, ауқатты адамның мұқтаж ата-анасына садақа беруге құқығы жоқ, өйткені ол оларды асырауға міндетті. Бірақ, мысалы, нағашы апа, көкелері немесе нағашы бауырлары немесе әпкелері, сондай-ақ күйеуі мен балалары бар әпкелері және басқа да адамдар туралы айтатын болсақ, олар мұқтаж болса, садақаны бөтен адамдарға емес, дәл соларға беру жақсырақ. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الصَّدَقَةُ عَلَى الْمِسْكِينِ صَدَقَةٌ وَعَلَى ذِي الْقُرْبَةِ اثْنَتَانِ: صَدَقَةٌ وَصِلَةٌ

«Кедейге берілген садақа – (жәй) садақа, ал егер ол туысқанға берілсе, бұл бірден екі нәрсе – садақа әрі туыстық байланысты сақтау болады»

(хадисті Ибн Мәжаһ, 1844 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 1494).

Келесі маңызды ескертпе – адамның сау-сәлемет, барлық істері ретті, дүние игіліктері ол үшін ұнамды әрі қалаулы болған, оның жан дүниесі ақшаға сараң болып, кедейлікке ұшыраудан қорқатын, оны байлық арбап, азғырған кезде берілген садақасы ол ауырып, әлсіреген, материалдық игіліктердің ешқайсысы оны қуантпайтын және қызықтырмайтын және ол өмір сүрмейтінін және ақшаны қолдана алмайтынын түсінгенде берген садақасынан жақсырақ болады.

Бірде бір адам Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Аллаһ Тағала қандай садақа үшін ең үлкен сауап береді*», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

أَنْ تَصَدَّقَ وَأَنْتَ صَحِيحٌ شَحِيحٌ – تَخْشَى الْفَقْرَ وَتَأْمُلُ الْبَقَاءَ – وَلَا تُمְهِلَ حَتَّى إِذَا بَلَغَتْ

الْخُلُقُومَ، قُلْتَ: لِفُلَانٍ كَذَا، وَلِفُلَانٍ كَذَا، وَقَدْ كَانَ لِفُلَانٍ

«Сауаптың ең үлкені денің сау, сараң, кедейліктен қорқып, өмір сүруге үміттенген кезінде берген садақа үшін беріледі. Жаның алқымыңа келгенде: «Менің мал-мүлкімнің мына бөлігі пәленге, мына бөлігі пәлен адамға садақа болсын», – деп айта бастағаныңа дейін садақа беріп үлгеріп қал, өйткені бұның барлығы бәрібір жақын арада басқа адамдарға тиісі болады», - деп жауап берді

(хадисті әл-Бухари, 1419 және Муслим, 1032 жеткізген).

Дені сау адам әлі де өмір сүруге үміттенеді, сондықтан ақшаға байланып қалады және кедей болудан қорқады, өлім оған алыс нәрсе болып көрінеді. Ол сараңдыққа бұйыратын нәпсісімен бетпе-бет келіп, Аллаһтың разылығы үшін бұл кедергіні жеңсе, әрине, бұдан әлдеқайда үлкен сый алады, өйткені ақшамен қоштасу ол үшін ақшаның мәні оған қызық болмай қалған ауру және өлім төсегінде жатқан адамға қарағанда әлдеқайда қиын. Өліп бара жатқан адам өзінің дүниеден кетіп бара жатқанын түсініп, өз мал-мүлкін басқаларға беруге кіріседі, ал шын мәнісінде бұл мал-мүлік бәрібір басқаларға, яғни оның мұрагерлеріне тісті болуға таяу қалды емес пе. Өйткені, оның мүлкі ол өлгеннен кейін бірден оларға өтеді және ол өзінің бір тиынына да ие болмайды.

Сондай-ақ садақа беру адамның өзінің және оның жанұясының шұғыл қажеттіліктерінен асып түсетін мал-мүлкінен ғана берілетінін ескерген жөн. Басқа сөзбен айтқанда, өзі және асырауға міндетті адамдары онсыз күн көре алмайтын нәрсені садақа ретінде бермеу керек. Егер адам садақа беріп, қамқорлығындағыларды (әйелін, балаларын, қамқорлығындағы ата-анасын) қажетті күнкөріс құралдарынан, күнделікті ас-нанынан айырса, бұл күнә болады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

ابْدَأْ بِمَنْ تَعُولُ، وَخَيْرُ الصَّدَقَةِ مَا كَانَ عَنْ ظَهْرِ غِنَى

«Қаражатты асырау міндетті болғандарға жарата бастаңдар, ең жақсы садақа – артығынан берілген садақа»

(хадисті әл-Бухари, 1427, 5356 жеткізген).

Сонымен қатар, садақа беру үшін адамның бай болуы міндетті емес – ол кедей, бірақ белгілі бір артық нәрселері, яғни ол асырауы керек адамдардың шұғыл қажеттіліктерінен асып түсетін мал-мүлкі бар адам болуы мүмкін және ол осы артық нәрселерінен садақа бере алады.

Біреу қарсылық білдіріп: «Бірақ Абу Бакр бүкіл мал-мүлкін садақа етті ғой? Өздері мұқтаждылық сезінсе де, мухажирлер үшін мүлкінен бас тартқан ансарлар ше?», - деп айтуы мүмкін. Жауапты тыңдаңдар.

Біріншіден, олардың Аллаһқа тәуекел етуі адамдардың көпшілігінде жоқ.

Екіншіден, олар мұны үнемі емес, кейбір жағдайларда ғана жасаған.

Үшіншіден, олар мұны өздерінің және отбасыларының да шыдамдылық таныта алатынын және бұған дайын екендігін біліп жасаған. Өзі және отбасысы бұған шыдамайтындығын білген адам мұндай әрекетке бармауы керек.

Төртіншіден, олар тіпті егер қысқа мерзімді мұқтаждықты сезінсе де, бірақ көп ұзамай өздерінің әл-ауқатын қалпына келтіре алатынын және өздері мен отбасыларын қажет нәрселердің бәрімен қамтамасыз ете алатындығына сендіретіндей себептері бар еді.

Сөз соңында айтарымыз, әрі бұл бай-ауқатты адамдарға қатысты емес сөз, өйткені бай-ауқатты адамға бұйырылған нәрсе - жомарттықпен садақа беру, бірақ кедей адамға қатысты айтылған сабырлық және ұстамдылық туралы шариғи мәтіндермен өзіне әлдебір нәрсе сұрап келген адамдардың бетіне ұру емес.

Ал кедей әрі мұқтаж мұсылман адам басқаларға ауыртпалық түсірмеуге, өз күшімен амал етіп, Аллаһтан басқа ешкімнен көмек сұрамауға тырысуы керек. Аса қажеттілік болмаса, қолын созбай, садақа сұрамай, өзі еңбек етіп, өзін және отбасын асырауға тырысуы керек. Үнемі біреудің көмегіне үміт артып, қайыршы және басқаларға тәуелді болу – бірқұдайшыл адам үшін, жұмсақ тілмен айтқанда, жақсы сипат емес. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

اَلْيَدُ الْعَلْيَا خَيْرٌ مِّنَ الْيَدِ السُّفْلَى

«Үстінде болған (яғни беретін) қол, астыда болған (яғни алатын) қолдан жақсы»

(хадисті әл-Бухари, 1427 және Муслим, 1033 жеткізген).

Ол сондай-ақ былай деген:

وَمَنْ يَسْتَغْنِ يُغْنِهِ اللَّهُ

«Кімде-кім өз күшімен әрекет етуге ұмтылса, Аллаһ Тағала оны басқаларға бет бұру қажеттілігінен сақтайды»

(хадисті әл-Бухари, 1427 мен Муслим, 1053 жеткізген).

Әрі сөзіміздің соңында Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар, сүйікті Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

1445/2024 ж.